

Н. Баскынбаева^{*}, Н. Альджанова^{*}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: nurlyhan.aldzhanova@kaznu.kz

INSTAGRAM ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ӘЙЕЛ ДІНДАРЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Мақалада Instagram әлеуметтік желідегі әйел діндарлығының әртүрлі көріністері талданады. Әйел адамның әлеуметтік өмірдегі ролі, әлеуметтік континуумдағы өзін-өзі танытуы, мүмкіндігі мен қабілетін жүзеге асыру проблемасы, діни көзқарасы мен сакралды құбылыстарға деген қарым-қатынасы гуманитарлық және әлеуметтік ғылым өкілдері үшін ұзақ уақыт бойы зерттеу нысаны болып келді. Соңғы жылдардағы әлеуметтік зерттеулер әйелдердің белсенді діндарлығы туралы тезисті бірнеше рет растады және оны нәзік жандылардың ерекше психоэмоционалды және физиологиялық күйімен түсіндірді. Бүгінгі таңдағы әлеуметтік желілерде әйел діндарлығының аса қарқынды көрініс табуы біздің де қызығушылығымызды тудырды. Діндарлықтың өзгеру процестері діннің институционалдық формалары мен жеке адамдардың нақты діни өмірінің сәйкес келмеуінен ерекше айқын көрінеді. Бұл ретте діни институттар мен сенуші адамдарда 2 жол бар: радикалды бағыт өкілдері сынды жаңалық пен заманауи технологиядан бас тарту немесе діни амалдарды заманауиландыру. Зерттеу барысында Қазақстан қыз-келіншектері екінші жолды таңдап, оны сәтті пайдаланып, әлеуметтік желілер арқылы әйел діндарлығының небір үлгілерін көрсетіп жүргендігі байқалды. Болашақ зерттеулер әйел діндарлығының басқа да әлеуметтік желілерде (Facebook, Twitter, Tiktok, ВКонтакте, LinkedIn және т.б.) көріністерін қамтымақ.

Түйін сөздер: әлеуметтік желі, Инстаграм, әйел бейнесі, діндарлық, профиль.

N. Baskynbayeva, N. Aljanova*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: nurlyhan.aldzhanova@kaznu.kz

Manifestations of Female Religiosity in the Instagram Social Network

The article analyzes various aspects of women's religiosity in Instagram. The role of women in public life, self-expression on the social continent, the problem of realizing opportunities and abilities, religious views and attitudes to sacred phenomena have long been the subject of research in the humanities and social sciences. In recent years, social studies have repeatedly confirmed the thesis about the active religiosity of women and explained it by the special psychoemotional and physiological state of the weaker half. We are also interested in the fact that women's religiosity is gaining momentum in social networks today. The process of changing religiosity is particularly evident in the discrepancy between the institutional forms of religion and the real religious life of people. At the same time, religious organizations and believers have two options: to abandon innovations and modern technologies, such as radical ones, or to modernize religious practices. The study showed that women in Kazakhstan chose the second option, successfully using social media to demonstrate some examples of female religiosity. Further research will cover manifestations of female religiosity in other social networks (Facebook, Twitter, Tiktok, Vkontakte, LinkedIn, etc.).

Key words: social network, Instagram, female image, religiosity, profile.

Н. Баскынбаева, Н. Альджанова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: nurlyhan.aldzhanova@kaznu.kz

Проявления женской религиозности в социальной сети instagram

В статье анализируются различные аспекты женской религиозности в Instagram. Роль женщины в общественной жизни, самовыражение на социальном континенте, проблема реализации возможностей и способностей, религиозных взглядов и отношения к сакральным явлениям давно стали предметом исследования гуманитарных и социальных наук. В последние

годы социальные исследования неоднократно подтверждали тезис об активной религиозности женщин и объясняли его особым психоэмоциональным и физиологическим состоянием слабой половины. Нас также интересует тот факт, что женская религиозность сегодня набирает обороты в социальных сетях. Процесс изменения религиозности особенно очевиден в несоответствии между институциональными формами религии и реальной религиозной жизнью людей. В то же время у религиозных организаций и верующих есть два варианта: отказаться от инноваций и современных технологий, таких как радикальные, или модернизировать религиозные практики. Исследование показало, что женщины в Казахстане выбрали второй вариант, успешно используя в социальных сетях, чтобы продемонстрировать некоторые примеры женской религиозности. Дальнейшие исследования охватят проявления женской религиозности в других социальных сетях (Facebook, Twitter, Tiktok, Vkontakte, LinkedIn и др.).

Ключевые слова: социальная сеть, Instagram, женский образ, религиозность, профиль.

Кіріспе

Интернет адамдардың әлеуметтік өзара қарым-қатынастарын өзгертіп, бізге көптеген адамдармен байланысқа түсу мүмкіндігін туғызды. Boyd және Ellison (Boyd & Ellison, 2008: 210-230) әлеуметтік желілер сайттары пайда болғаннан бастап, өздерінің күнделікті өмір тәжірибелерін осы сайттармен интеграциялаған миллиондаған сайт қолданушылары да тартылғандағын атаған. Wilson және басқа ғалымдар (Wilson et al., 2009) әлеуметтік желілер сайттары көптеген адамдар үшін, атап айтқанда жастар үшін қарым-қатынасты қамтамасыз етуде және қарым-қатынас орнатуда осындай маңызды рөл атқарды деп болжайды, оларды пайдалануға әсер ететін әр түрлі факторларды зерттеу өте маңызды.

Ұялы телефонның пайда болуы бүкіл әлем бойынша адамдардың қарым-қатынас мәдениетіне едәуір ықпал етті. Осы құрылғыларды қолданудың арқасында адамдар енді қалалық телефондарға байланбай, кез-келген адамға, кез-келген жерде, кез-келген жерде еркін қоңырау шала алады. Смартфондар мен планшеттер сияқты басқа да онлайн-мобильді құрылғылардың қосылуы мобильді интернетті пайдалану құнын арттырды. Әлеуметтік медиа қосымшаларымен бірге бұл технология адамдарға кез-келген жерден және тәуліктің кез келген уақытында әлеуметтік желі сайттарын пайдалануға мүмкіндік берді (Almenayes, 2014).

Ғылыми әдіснамалық негіздері

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін әлеуметтік желілеріндегі әйел бейнелерін контент талдауы, салыстырмалы талдау, сауалнама әдісі, талдау-саралау, статистикалық сараптау әдістері құрайды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әйел адамның әлеуметтік өмірдегі ролі, әлеуметтік континуумдағы өзін-өзі танытуы, мүмкіндігі мен қабілетін жүзеге асыру проблемасы, діни көзқарасы мен сакралды құбылыстарға деген қарым-қатынасы гуманитарлық және әлеуметтік ғылым өкілдері үшін ұзақ уақыт бойы зерттеу нысаны болып келді. Соңғы жылдардағы әлеуметтік зерттеулер әйелдердің белсенді діндарлығы туралы тезисті бірнеше рет растады және оны нәзік жандылардың ерекше психоэмоционалды және физиологиялық күйімен түсіндірді. Бүгінгі таңдағы әлеуметтік желілерде әйел діндарлығының аса қарқынды көрініс табуы біздің де қызығушылығымызды тудырды.

Нилуфер Голь, Саба Махмуд және Шейла Бенхабибтің әйелдер діндарлығы және әйелдер діни тобының ерекшеліктері тақырыбындағы еңбектері өте құнды. Сонымен қатар Гузель Сабирова, Юлия Гуреева, Ирина Кузнецова-Моренко және Лейсан Салахутдинова сияқты ғалымдарды ерекше атап өткен жөн. Бұл авторлар 2000 жылдары посткеңестік елдердегі мұсылман әйелдер қауымын алғашқы болып зерттеген.

Секуляризация, ғылыми-техникалық прогресс және жаһандану үрдісі кейпіндегі әлеуметтік қайта құрулар дін үшін, оның дәстүрлі қалыптасқан түрлері және өміршеңдігі үшін маңызды проблемаға айналды. Сәйкесінше, дін қоғамда болып жатқан өзгерістерге белсенді түрде жауап беруде. Қоғамдағы өз позициясын нығайтуға ұмтылып, өзіне тән құралдарды қолдана отырып, ол қазіргі таңда әлеуметтену факторларының біріне айналады. Зерттеушілер діни қатынастар саласында болып жатқан процестердің қарама-қайшылықты екендігін атап

өтті. Өткен ғасырда өндірістік, неке-отбасылық қатынастар, өнер, білім, ғылым және т.б. салалар діннің бақылауынан шықты, яғни бұрын діни сипатта болған немесе дінмен байланысты әлеуметтік үрдістер зайырлы сипатқа ие болды. Сондықтан, қоғамдық ортада, Ю. Хабермас атап өткендей, «азаматтар саясат пен дін бір-бірінің шекарасын бұзса, оған күдікпен қарайды» (Хабермас 2008: 44). П. Бергердің бақылауына сүйенсек, «қоғамдық өмірде діни құндылықтарға сүйенбеген кәсіпкер немесе саясаткер отбасылық өмірде діни нормаларға шын берілген болуы мүмкін» (Бергер, 2003). Алайда, Л. Нельсон айтқандай, «XX ғасырда мемлекет өмірінде де, адамдардың жеке басына да діннің әсері әлсірей түсті» (Нельсон 1992: 117).

Десек те жоғары технологиялар, әмбебап стандарттау және жаппай тұтыну дәуірінде дінге деген қызығушылық жоғары екені мәлім. Діни ғимараттардың ауқымды құрылысы, қасиетті орындарға зиярат етушілер санының тұрақты өсуі, діни идеяларды саяси және әскери мақсаттарда пайдалану, діннің қоғам өміріне әсерінің жалғасуы соның дәлелі бола алады. Қоғамдағы діни ахуалды сипаттау үшін П. Бергер «десекуляризация» (Berger 1999: 135), Х. Казанова «дінді жекешелендіру» (Casanova 1994: 330) терминдерін ұсынды. Одан өзге «діннің жаңғыруы» (religion revival) термині ғылыми тәжірибеге енді.

Бұл процестер әсіресе алғашқыда зайырлы болып құрылған, бірақ уақыт өте келе қызметіне діни компонент енген салаларда айқын көрініс тапты. Әлеуметтік желілер мен ақпараттық технологиялар діндарлықтың әлеуметтік трансформацияларға қаншалықты әсер етіп жатқандығын, оларды бейімдеп, әлеуметтенудің тиімді құралы ретінде пайдалануын, діни тәжірибе субъектілерінің ғаламтор кеңістігін мистикалық тәжірибелер мен діни жоралар ұйымдастыратын, қасиетті рәсімдерге қатысатын орынға айналдыруын, яғни Интернет сияқты әлеуметтік құбылыс пен діндарлықты біріктірудің көптеген мысалдары бар.

Нәтижелері және талқылама

Қазақстанның өзінде ислам дінін уағыздайтын «Асыл арна» телеарнасы, Құран мен Сүннетті түсіндіретін веб-сайттар ашылды, мысалы: www.muftyat.kz, www.fatua.kz, www.azan.kz, www.mazhab.kz, www.ummet.kz, www.nasihah.kz, www.taglym.kz және т.б. Интернетте ақпараттық ресурстар мен желілерді құрумен қатар, оны діни тауарлар мен қызметтердің нарығы ретінде пайдалану да жолға қойылған. Kaspi.kz қосымшасында пітір садақа беру мүмкіндігі соның бір дәлелі іспеттес. Бұл мысалдар діннің бастапқыда өз аясына жатпайтын салаларды игеру арқылы кең көлемді әлеуметтік процестердің дирижеріне айналып, социогенез факторы ретінде әрекет етіп жатқанын аңғартады.

Осы орайда заманауи қазақ әйелінің діндарлығы әлеуметтік желіде көрініс таба ма, егер тапса, ол қандай формада кездеседі және оқырмандар тарапынан қандай кері байланысқа ие деген сауалдар төңірегінде кішігірім зерттеу жасауды жөн көрдік. Діндар әйелдерді қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-тарихи алғышарттарының ықпал етуіне байланысты біртұтас топ деп санауға болады. Бірақ постмодернистік құндылықтар (индивидуализм, кәсіпқойлық, өзін-өзі жүзеге асыру), әйелдердің эмансипациясы, гендерлік революция, көпмәдениеттік дәуірінде әйел адам жеке тұлға ретінде дәстүрлі бағдарын түзетуі, сыртқы әлеммен қарым-қатынастың өзіндік моделін құруы және ішкі жан дүниесінде үйлесім табуы керек. Қазіргі заманда сенуші әйел өзін діни сабақтастық пен әлеуметтік тұрғыда ғана емес, сонымен қатар поликонфессионализм мен мәдени модернизация тенденцияларына жағдайында өмір сүруге мәжбүр. Әрине, діндарлықты гендерлік құбылыс деп атауға келмейді, бірақ діндар әйелге қойылатын бірқатар талаптар барын да жоққа шығара алмаймыз.

Зерттеу нысаны ретінде біз Қазақстандағы Instagram желісін қолданушы ең белсенді 20 әйел адамның аккаунтын таңдадық. Ол жандар жайлы ақпарат төмендегі кестеде (1-кесте) берілген.

1-кесте. Қазақстандағы Instagram желісін қолданушы ең белсенді 20 әйел адамның аккаунттары

№	аты-жөні	млн.адам	инстаграмдағы аккаунты	кәсібі
1	Эльмира Төлегенова	6,4	@elt6i	блогер
2	Әлия Байтоғасева	5,9	@super.mamasita	блогер
3	Ерке Есмахан	5,5	@erke_esmahan	әнші

4	Аша Матай	4,4	@asha_matai	әнші, актриса, тележүргізуші
5	Баян Мақсатқызы	4,3	@bayanmaxatkyzy	продюсер, актриса, тележүргізуші
6	Мадина Сәдуақасова	4	@sadvakasovamadina	әнші, актриса, тележүргізуші
7	Айнұр Тұрсынбаева	3,8	@aidyn_nury	айтыскер, ақын, коуч
8	Айдана Меденова	3,8	@aidanamedenova_officialpage	әнші
9	Карина Өксікбаева	3,7	@oksukpaevak	блогер
10	Қарақат Әбілдина	3,7	@karakat_a	әнші
11	Жазира Байырбекова	3,3	@zhazira_bairbekova	әнші, кәсіпкер
12	Алтынай Жорабаева	3,1	@altynaizhorabayeva	әнші, кәсіпкер
13	Әмина Нұрғазы	3,1	@aminaxo26	блогер, визажист
14	Ләйлә Сұлтанқызы	3	@sultankyzy	журналист, тележүргізуші
15	Салтанат Бақаева	3	@saltanat_bakayeva	әнші, актриса, тележүргізуші
16	Мөлдір Әуелбекова	2,8	@moldir.auyelbekova	әнші
17	Кәмшат Жолдыбаева	2,8	@kamshat_zholdybayeva	әнші, актриса, тележүргізуші
18	Айгүл Иманбаева	2,6	@aigul_imanbayeva	әнші, актриса, тележүргізуші
19	Жұлдыз Әбдікәрімова	2,4	@zhuldyzabdukarimovaofficial	актриса, тележүргізуші
20	Гүлзира Айдарбекова	2,4	@gulziraaidarbekova	продюсер

Жоғарыда аталған әйел адамдардың әлеуметтік желідегі белсенділігін (пост жариялау және сторис салу) саралай келе, дінге қарым-қатынасын шартты түрде 4 топқа жіктеуге болады:

Хиджаб не орамал тағып бүркенген, діни ережелер мен қағидаларды басшылыққа алып, Құран және шарифат бойынша өмір сүруге талпынатындар (Айнұр Тұрсынбаева, Мөлдір Әуелбекова)

Дәстүрлі қазақ әйелінің образын ұстанып, діни тақырыптағы жазбалар мен суреттерді жиі салып тұратындар (Алтынай Жорабаева, Қарақат Әбілдина, Жазира Байырбекова, Гүлзира Айдарбекова, т.б.)

Зайырлылық принципімен өмір сүретін, дін жайлы тек мерекелерде (оразаның басталуы, құрбан айт, кейде жұма күндері) не айтулы сәттерде (неке кию, сүндетке отырғызу, азан шақырып, ат қою) ғана пост жазатындар (Айгүл Иманбаева, Айдана Меденова, Салтанат Бақаева, Ләйлә Сұлтанқызы, т.б.)

Мүлдем дін туралы жазбайтын жандар (Баян Мақсатқызы, Әлия Байтоғаева, Эльмира Төлегенова, Карина Өксікбаева).

Мысал ретінде 12 және 13 сәуір күнгі, яғни үстіміздегі жылдың рамазан айының басталу тұсын қарастырып көрейік. Салтанат Бақаева

қара орамал бүркеніп, мешіттің ішінде түскен суретін жариялап, «Ең қасиетті Рамазан айы қош келдің!!! Оразада тілеген дұға тілектеріміз қабыл болсын. Сіз ораза ұстадыңыз ба?» деген жазба қалдырды (https://www.instagram.com/p/CNlv_zMgxPb/?igshid=1ftuh3opeyzlm). Гүл құшақтаған Қарақат Әбілдина: «Қош келдің, айлардың сұлтаны – Рамазан! Құрметті менің оқырманым, тыңдарманым, күллі қазақ елі, Рамазаннан Рамазанға аман есен жетуімізбен баршаңызды құттықтаймын!», – деп бастап, бір жыл ішінде індеттен көз жұмғандарды еске алып, жүрекжарды тілектерін жеткізді (<https://www.instagram.com/p/CNk6q6YJWkq/?igshid=1tiew7ascu6b>). Сол күні тасада қалған Баян Мақсатқызы, Эльмира Төлегенова, Әлия Байтоғаева және Карина Өксікбаева болды. Кешірек Карина Өксікбаева өзінің авторлық «Топим жир» марафоны ауыз бекіткен жандарды ескеріп, меню мен жаттығулар кестесіне өзгеріс енетінін хабарлады. Супермамасита есімімен белгілі Әлия Байтоғаева берген сұхбаттарының бірінде саясат және дін туралы пост жазбайтынын ашық айтқан-ды, себебін «бұл тақырыптар кереғарлықты тудырады», – деп түсіндірген. Баян Мақсатқызының әлеуметтік желідегі дандарлығы жұма күні пісірілетін жеті шелпектің суретін са-

лумен шектеледі. Ал Каринаның парақшасында Пасхаға пісірілген жұмыртқаны да, Араб Әмірліктерінде мешіт алдында бүркеніп түскен суретті де тамашалауға болады, бірақ оның дені тек контент үшін жасала ма деген ойға келдік.

Әйел діндарлығының бірден-бір көрініс табатын тұсы – ол киім кию үлгісі. Дін бойынша әйелдердің суретін әлеуметтік желілерде, форумдарда немесе басқа электрондық ресурстарда орналастыруына бірнеше себептермен тыйым салынады, себебі бұл Құран мен Сүннетте әйелге бұйырылған бүркену ұғымына қайшы келеді. Ахзаб сүресінде; «Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: «Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл, олардың танылуларына, сондай-ақ кемітілмеулеріне жақынырақ.

Алла (Т.) аса жарылқаушы, тым мейірімді», – делінген (<https://kuran.kz/sureler/33>). Бірақ бұл қағиданы біз қарастырып отырған әйел адамдардың ешқайсысы ұстанбайтынын анық байқауға болады. Йель университетінің философия және саясаттану профессоры Сейла Бенхабибтің пікірінше, «Әйел адамдар киген киімнің түсі неғұрлым ашық болса, пішіні мен матасы неғұрлым сәнді болса, соғұрлым нәзік жандылар ортодоксты исламнан алыстаған» (Бенхабиб 2003). Осы орайда Алтынай Жорабаева (<https://instagram.com/altynaizhorabayeva?igshid=19jedc3f9bbx4>) мен Айдана Меденованың (https://instagram.com/aidanamedenova_officialpage?igshid=iddlear44jwq) парақшаларына назар аударайық (1-сурет).



1-сурет - Алтынай Жорабаева Instagram аккаунты

А. Жорабаева күнделікті өмірде мейлінше ұзын жең, ұзын етек киіп жүретін келіншек. Үйден салған посттың көбісінде артқа қарай тартқан орамалмен жүретіні де жасырын емес. Бірақ діни мерекелерде, сондай-ақ «Дұға тілек» деп аталатын бейнебаянында ол хиджаб киген әнші ретіндегі бейнесін танытады. Тұрақты оқырмандары Алтынай ханымның инстаграмы арқылы жиі-жиі Құран аяттары, сүннеттер мен ислам тақуаларының сүйкімді амалдары жайлы ақпарат ала алады.

Биыл 30 жасын атап өтетін әнші Айдана Меденованың әлеуметтік желілерін шолып өтер болсақ, контрастқа толы құбылысты байқаймыз. Бірде ол хиджаб киген суретін салып, діни мейраммен құттықтап жатса, бірде орамал тағып, ауызашарға асығып бара жатады, бірде әдемі сахналық көйлекпен өнер көрсетіп жатса, енді бірде демалыста лыпа киген бейнесін паш

етеді. Өмірлік жары әрі продюсері Өлішер Нұржановтың намазға түсіп, діни қағидаларды берік ұстануға деген талпынысын ескерсек, Айданың әлеуметтік желідегі образы жолдасының ықпалы мен өнер адамының еркіндігі арасында қалыптасып жатыр деген ойға келесің.

Осы орайда социолог Гюзель Сабированың: «Жас қыздардың ислам дінін қабылдауы мен күнделікті өмірде ұстануы бірқатар ерекше белгілерге ие. Оларға ең алдымен діни амалдарды рационализациялау, морализациялау және эстетизациялау тән. Жас қыздар ислам құндылықтарын қабылдай отырып, дәстүрге айналған ата-баба әдет-ғұрыптарынан бөлек өзіндік жол іздейді», – деген пікірі ойға оралады (Сабирова 2005: 492). Расында да, заманауи қазақ қыз-келіншектері дінді жүрегімен қабылдап, оның атрибуттары мен амалдарын өздеріне бейімдеп алуға тырысып жүр.


Әлеуметтік желідегі әйел діндарлығы жайлы сөз қозғағанда мешіт пен намаз жайлы айтпай кетуге болмайды. Мешіттің алдында не ішінде түсірілген сурет біздің назарымызға іліккен 20 арудың денінде бар. Олардың көбісі Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби қаласындағы Шейх Зайд мешітінде түсірілген. Кіші қажылыққа барып, Мекке-Мединадағы суретін салатындардың ішінде Айнұр Тұрсынбаева, Гүлзира Айдарбекова, Алтынай Жорабаева сынды санаулы жандар ғана бар. Ал 5 парыздың маңыздысы саналатын намаз оқу дағдысы жайлы аса белсенділік байқалмайды. Күнделікті өмірде намаз оқып жүрген қыз-келіншектер әлеуметтік желіде оны үнемі жарнамалайтын, орайы келсе, айтатын, мүлдем жарияламайтын болып бөлінеді.

Әнші, актриса Мөлдір Әуелбекова алғашқы санатқа жатады. Ол әуретін жапқалы барлық бұрынғы суреттерін өшіріп, инстаграмын жүргізуді жаңадан бастады. Алғашқы кездері орамалына тиісіп, сынаушылар көп болғанымен, бүгінде оқырмандарының бәрі әншіге қолдау көрсетуде. Мөлдір ханым аят, хадистермен қатар, Абай Құнанбайұлының қара сөздерін, халық даналығын жиі жариялап тұрады. Посттарының бірінде: «Намазға келгеніме, Аллаға шүкір, алтыншы жыл кетті. Себеппер – өзімнің асқар тауым – Есіркеп қажы. Ия, әкем де, шешем де қажы. Біз, Әуелбековтер, үй-ішімен намаздамыз», – деп ағынан жарылды (<https://www.instagram.com/p/CK3LcimpcOO/?igshid=1uw92v7c879z3>). Әуелбекова үшін діндарлық қазір әншілігімен қатар тұрғандай сезіледі. Өмірлік жары да әрбір қадамын құптап отырғаны оған үлкен демееу. Оның инстаграмы заманауи мұсылман әйел өмірінің айнасы іспеттес: Мөлдір үшін орамалдан басқа ештеңе өзгерген жоқ, ол әнін жазып, концертіне қатысып, жарнамасын жасап, барам деген жерінен қалмай жүр. Ислам әлеміндегі әйелдер жаңа компьютерлік технологияларды меңгеріп, саяси, оқытушылық, журналистік қызметпен, дәрігерлікпен, ғылыммен айналысып, өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана алады деген қағиданы дәлелдеп жүр.

Рамазан айы басталғалы әлеуметтік желідегі әйелдер діндарлығы күшейе түсті. Ауызашарға түрлі тағамдар дайындап жатқан видео, «Сәресіде береке бар» деген гивкалар, «ифтарға асығып бара жатырмыз» және «Қадір түніндегі барша дұға-тілектер орындалсын» деген суреттер, «Оразада орындалатын амалдар», «Садақа бергеннің сауабы көп» деген мазмұндағы посттар. Бір қызығы – кейбір ер азаматтар сынды



«нәпсісін тыйып, әлеуметтік желіден алыстаймын» деген қыз-келіншекті кездестірмедік.

Бұл зерттеуіміз тек бір жақты болып қалмас үшін, әлеуметтік желідегі екінші тарап, яғни оқырмандар пікіріне де жүгінуді жөн көрдік. 748 адам қатысқан сауалнамада «Әлеуметтік желідегі діндарлықты (діни посте, орамал таққан сурет, сүре, хадис үзінділері) қолдайсыздар ма?» деген сұрақ қойдық. 72 % – басым бөлігі 537 адам «Ия», 28 % 211 адам «Жок» деп жауап берді (3-сурет). «Неге?» деген сауалға сәйкесінше қолдау немесе қарсы әртүрлі пікірлер қалыптасты, олар: «Инста арқылы болса да елге пайдасын тигізеді», «Әркімнің өз қалауы бар, ашық шашық жүргеннен гөрі хиджабта жүргендері жақсы», «Әйел адамға орамал тағы парыз», «Өте әдемі және өз дінімізді насихаттаймыз», «Әрбір мұсылман бауырларымыздың таза жолға түсуіне ықпал ету, себепші болу...», «Қазақтың қыздарына барлығы жарасады», «Керек адам мешітке барып қажетті ақпарат ала алады», «Қазаққа жат араб елінің мәдениеті», «Көпке үлгі, ой салады» және т.б.



2-сурет - «Әлеуметтік желідегі діндарлықты (діни посте, орамал таққан сурет, сүре, хадис үзінділері) қолдайсыздар ма?» сауалнама

Келесі «Әйел діндарлығы неден көрінеді?» деген сұраққа 1072 респонденттер қатысып, 11 % – 117 адам «киімінен», 32 % – 349 адам «іс-әрекетінен», 25 % – 269 адам «жария етпеуі керек», 32 % – 337 адам басым бөлігі «барлығы да дұрыс» жауабын таңдаған (4-сурет).



3-сурет - «Әйел діндарлығы неден көрінеді?» сауалнама

Қорытынды

Бұл зерттеу әлеуметтік желілердегі діни профилі бар әйел аккаунттары қарама-қарсы діни контент мүлдем кездеспейтін аккаунттардан қаншалықты айырықшаланатындығын анықтауға бағытталған. Діндар әйелдер әлеуметтік желілерді қолданудың жағымды және жағымсыз нәтижелерін қалай қолданатындығын анықтауға тырысты. Секуляризация теориясына негізделі отырып, діндар адамдар әлеуметтік желілерді қолданудың жағымсыз қырларынан шегетін зардаптары елеусіз екендігін айғақ.

Әйел діндарлығы феноменін зерттеп жүрген С. Рязанова: «Қазіргі діндарлықтың өзгеруі уақыт тенденцияларын қарапайым қабылдау емес, оларға деген белсенді реакция болып табылады. Діндарлықтың бейімделуі оны өзгеріссіз

қалдырмайды, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер қызметі саласындағы діни жаңалықтардың пайда болуына әкеледі», – деп ой қорытты (Рязанова, 2011: 25). Расында да, діндарлықтың өзгеру процесі діннің институционалдық формалары мен жеке адамдардың нақты діни өмірінің сәйкес келмеуінен ерекше айқын көрінеді. Бұл ретте діни институттар мен сенуші адамдарда 2 жол бар: радикалды бағыт өкілдері сынды жаңалық пен заманауи технологиядан бас тарту немесе діни амалдарды заманауиландыру. Зерттеу барысында Қазақстан қыз-келіншектері екінші жолды тандап, оны сәтті пайдаланып, әлеуметтік желілер арқылы әйел діндарлығының небір үлгілерін көрсетіп жүргендігін байқадық. Болашақ зерттеулер әйел діндарлығының басқа да әлеуметтік желілерде (Facebook, Twitter, Tiktok, ВКонтакте, LinkedIn және т.б.) көріністерін қамтымақ.

Әдебиеттер:

- Айдана Меденованың инстаграм аккаунты https://instagram.com/aidanamedenova_officialpage?igshid=idd1ear44jwq
 Алтынай Жорабаеваның инстаграм аккаунты <https://instagram.com/altynaizhorabayeva?igshid=19jedc3f9bbx4>
 Бенхабиб С. (2003). Притязания культур Равенство и разнообразие в глобальную эпоху. – Москва: Логос. – 350.
 Бергер П. (2003) Религия и проблема убедительности // Неприкосновенный запас. № 6 (32). URL:<http://magazines.russ.ru/nz/2003/6/berger.html>
 Қарақат Әбілдинаның инстаграм аккаунты <https://www.instagram.com/p/CNk6q6YJWKq/?igshid=1tiew7ascu6b>
 Құран, Ахзаб сүресі, 59 аят <https://kuran.kz/sureler/33>
 Мөлдір Әуелбекованың инстаграм аккаунты <https://www.instagram.com/p/CK3LcimpcoO/?igshid=1uw92v7c879z3>
 Нельсон Л.Д. (1992) Секуляризация и социальная интеграция в сопоставительном аспекте. // Социологические исследования. № 7. – 111-125.

Рязанова С.В. (2011) Женская религиозность как исследовательский феномен // Вестник Челябинского государственного университета. № 30 (245). Философия. Социология. Культурология. Вып. 22. – 21-26.

Сабирова Г. (2005) Как стать и остаться мусульманкой: опыт разных поколений. // Женская устная история: гендерный исследования, ч. 2. Бишкек: ОФ «Центр издательского развития». – 460-493.

Салтанат Бақаеваның инстаграм akkaunty https://www.instagram.com/p/CNlv_zMgxPb/?igshid=1ftuh3opeyzlm

Хабермас Ю. (2008) Расколтый Запад / пер. с нем. Москва: Весь Мир. – 44.

References

- Aidana Medenova instagram akkaunty https://instagram.com/aidanamedenova_officialpage?igshid=idd1ear44jwq
- Altynai Zhorabaeva instagram akkaunty <https://instagram.com/altynaizhorabayeva?igshid=19jedc3f9bbx4>
- Benhabib S. (2003). Prityazaniya kul'tur Ravenstvo i raznoobrazie v global'nyu epohu [The claims of culture Equality and diversity in the global era]. – Moskva: Logos. – 350. (in Russian)
- Berger P. (2003) Religiya i problema ubeditel'nosti [Religion and the problem of persuasiveness]// Neprikosnovennyj zapas. № 6 (32). URL:<http://magazines.russ.ru/nz/2003/6/berger.html> (in Russian)
- Berger, P.L. Ed. (1999) The Desecularization of the World: Resurgent Religion and World Politics. – Washington, D.C.: Grand Rapids. – 135.
- Boyd, D. & Ellison, N. (2008) Social networking sites: Definition, history, and scholarship, Journal of Computer Mediated Communication, vol. 13, no.1, pp. 210-230
- Casanova J. (1994) Public Religions in the Modern World. Chicago: Chicago University Press. – 330.
- Habermas Yu. (2008) Raskolotyj Zapad/per. s nem. [The Split West/tr. from Germany]. – Moskva: Ves' Mir. – 44. (in Russian)
- Jamal J Almenayes (2014) Religiosity and the Perceived Consequences of Social Media Usage in a Muslim Country. Vol. 3 No. 5: May. R. – 108-117.
- Moldir Auelbekova instagram akkaunty <https://www.instagram.com/p/CK3LcimpcOO/?igshid=1uw92v7c879z3>
- Nel'son L.D. (1992) Sekulyarizaciya i social'naya integraciya v sopostavitel'nom aspekte//Sociologicheskie issledovaniya [Secularization and social integration in a comparative aspect//Sociological research]. № 7. – 111-125. (in Russian)
- Qaraqat Abildina instagram akkaunty <https://www.instagram.com/p/CNk6q6YJWKq/?igshid=1tiew7ascu6b>
- Quran, Ahzab syresi, 59 ayat <https://kuran.kz/sureler/33> (in Kazakh)
- Ryazanova S.V. (2011). Zhenskaya religioznost' kak issledovatel'skij fenomen//Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta [Female religiosity as a research phenomenon//Bulletin of Chelyabinsk State University]. № 30 (245). Filosofiya. Sociologiya. Kul'turologiya. Issue 22. – 21-26. (in Russian)
- Sabirova G. (2005) Kak stat' i ostat'sya musul'mankoj: opyt raznyh pokolenij//Zhenskaya ustnaya istoriya: gendernyj issledovaniya, ch. 2 [How to become a Muslim: the experience of different generations//Women's Oral History: Gender Studies, part 2]. – Bishkek: OF «Centr izdatel'skogo razvitiya». – 460-493. (in Russian)
- Saltanat Baqaeva instagram akkaunty https://www.instagram.com/p/CNlv_zMgxPb/?igshid=1ftuh3opeyzlm
- Wilson, K., Fornasier, S. and White, K. (2009) Psychological predictors of youngadults' use of social networking sites, Cyberpsychology and Behavior, 13 (2), 173-177